

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 73 Қаулысы.

Үкіметтің кейбір шешімдерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 қаңтардағы
N 73 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 11, 84-құжат):

1, 3, 5, 6-тармақтардағы "Ақпарат" деген сөз "Мәдениет, ақпарат және спорт" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Ақпарат бірінші вице-министрі Олег Григорьевич Рябченко" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт бірінші вице-министрі Рүстем Қабидоллаұлы Жоламан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.17 № 1207 Қаулысымен.

3. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1261 Қаулысымен).

4. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-29-жолдағы "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

5. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 224-17-жолдағы "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

6. "Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция (Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі N 545 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 15, 191-құжат):

2-тармақтың бесінші абзацындағы "Мәдениет министрлігінің Мұрағаттарды және құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 268-құжат):

2-тармақтағы "Мәдениет" деген сөзден кейін ", ақпарат және спорт" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты" деген 1-бөлімде:

"Негізгі іс-шараларды орындаушылар" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі іс-шараларды орындаушылар

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті.";

"Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Орындалуына жауаптылар" деген 4-бағанда:

реттік нөмірлері 9, 10, 11, 15, 16, 19-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті";

реттік нөмірлері 5, 12, 13, 17, 18, 20-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпарат және мұрағат комитеті".

8. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1766 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., 49-50, 594-құжат):

3-тармақтағы "Ақпарат" деген сөз "Мәдениет, ақпарат және спорт" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Негізгі орындаушылар" деген жолдағы "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 9-бөлімде:

"Іске асыруға жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірлері 1, 6, 7, 9, 12, 13, 16, 20, 21, 23, 24, 26-жолдардағы "ТЖА" деген аббревиатура "ТЖМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14-жолдағы "ТЖА" және "ТСА" деген аббревиатуралар "ТЖМ" және "МАСМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 15-жолдағы "Мәдмині" деген сөз және "ТЖА" деген аббревиатура тиісінше "МАСМ" және "ТЖМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 17-жолдағы "Ақпаратмині" деген сөз "МАСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 19, 22, 27-жолдардағы "Ақпаратмині" деген сөз және "ТЖА" деген аббревиатура тиісінше "МАСМ" және "ТЖМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-жолдағы "Ақпаратмині, Мәдениетмині" деген сөздер "МАСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.04.2022 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. (күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.29. N 598 Қаулысымен).

11. "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 11, 126-құжат):

3, 4-тармақтардағы "Ақпарат" деген сөз "Мәдениет, ақпарат және спорт" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі" деген 5-бөлімнің 5.8-бөлімшесінде:

үшінші абзацтағы "қоғамдық келісім" деген сөздер "спорт" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Орындалуына жауаптылар" деген бағанда:

реттік нөмірлері 4, 7, 8, 10, 11, 12, 14, 15, 17, 18, 19-жолдардағы "Ақпаратмині" деген сөз "МАСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 4, 14-жолдардағы "ТурСА" және "ҚДА" деген аббревиатуралар алынып тасталсын;

"Болжамды шығыстар" деген бағанда:

реттік нөмірлері 4, 15-жолдардағы "(Ақпаратмині)" деген сөз "(МАСМ)" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"Қабылданған қысқартулар" деген бөлімде:

"ҚДА - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі" және "ТурСА - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" деген жолдар алынып тасталсын;

"Ақпаратмині" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"МАСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі".

12. Ескерту. 12-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.26. N 633 Қаулысымен.

13. Ескерту. 13-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. <*>

Ескерту. 14-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.05. N 1197 қаулысымен.

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 1-жолдағы "Ақпаратмині" және "КБА" деген сөзбен аббревиатура "МАСМ" және "Қаржымині" деген сөзбен және аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдағы "КБА" деген аббревиатура "Қаржымині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 13-жолда:

"Ақпаратмині", "КБА" және "ҚПА" деген аббревиатуралар "МАСМ", "Қаржымині" және "ЭСЖҚА" деген аббревиатуралармен және сөзбен ауыстырылсын;

"ҚДА" деген аббревиатура алынып тасталсын;

"Ескертуде":

"КБА - Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер алынып тасталсын;

"Ақпаратмині - Ақпарат министрлігі" және "ҚПА - Қаржы полициясы агенттігі" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;

ЭСЖҚА - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)".

16. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.